

Мәслихаттың 2019 жылғы 19 наурыздағы № 262 "Таран ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 323 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 желтоқсанда № 8833 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қостанай облысының Таран ауданын қайта атау туралы" 2019 жылғы 24 маусымдағы № 29 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы сәйкес ауданның мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Таран ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы" 2019 жылғы 19 наурыздағы № 262 (2019 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8312 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Бейімбет Майлин ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы";

көрсетілген шешімнің кіріспесінде "аудандық мәслихат" сөз тіркесі "ауданның мәслихаты" деп ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің 1-тармағында "Таран ауданының" сөз тіркесі "Бейімбет Майлин ауданының" деп ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының хатшысы

Ж. Курманғалиев

С. Сапабеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК